



«Kemel» өнер-білім орталығы

050010, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 86
офис 508
Тел: +7 (775) 175 4668
e-mail: kemel.bilim23@mail.ru

050010, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 86
508 офис
Тел: +7 (775) 175 4668
e-mail: kemel.bilim23@mail.ru

№ 0027

22.01.2026

Облыстық, қалалық, аудандық
Білім басқармалары мен бөлімдері басшыларына

Қызметтік хат



«Кемел» өнер-білім орталығы жас ұрпаққа ұлы ойшыл, акын Абай Құнанбайұлының шығармашылығын кеңінен насихаттау, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру мақсатында **22.01.2026 – 20.02.2026** аралығында республикалық балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары арасында «Абай оқулары» атты онлайн байқау ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Байқаудың мақсаты – балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларының көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру, Абай шығармаларын мәнерлеп оқу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық рухани мұраны дәріптеу.

Осыған орай, «Абай оқулары» онлайн байқауының ережесін өзіңіз басқарып отырған облыстық, қалалық білім бөлімдері мен барлық балабақшалар және мектеп мекемелеріне таратып, шығармашыл бүлдіршіндеріміздің байқауға белсенді қатысуына мүмкіндік жасауыңызды сұраймыз.

«Кемел» өнер-білім
орталығының директоры

Н.Сарсебаев





«Kemel» өнер-білім орталығы

050010, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 86
офис 508
Тел: +7 (775) 175 4668
e-mail: kemel.bilim23@mail.ru

050010, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 86
508 офис
Тел: +7 (775) 175 4668
e-mail: kemel.bilim23@mail.ru

«Абай оқулары» атты балабақша тәрбиеленушілері және мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық онлайн сайыстың ЕРЕЖЕСІ

Ұйымдастырушы: «Кемел» өнер-білім орталығы

Жалпы ережелер

«Абай оқулары» атты республикалық онлайн байқау балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары арасында өткізіледі. Байқау ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармаларын насихаттауға, балалардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыруға және рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған.

Өткізу мерзімі

- **Жұмыстарды қабылдау:** 20.02.2026 ж. дейін
- **Қорытынды:** 25.02.2026 ж. электронды поштаға жолданады

Байқаудың мақсаты

- **Абай мұрасын насихаттау:** Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерін жас ұрпаққа кеңінен таныту;
- **Рухани-адамгершілік тәрбие беру:** Оқушыларды имандылыққа, білімге, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке баулу;
- **Шығармашылық қабілеттерін дамыту:** Көркем оқу мәдениетін, сахналық шеберлікті, тіл байлығын арттыру.

Міндеттер

- Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын ояту;
- Абай шығармаларын мәнерлеп, жатқа оқу дағдыларын қалыптастыру;
- Ұлттық мәдениет пен әдеби мұраны құрметтеуге тәрбиелеу;
- Балалардың өзін-өзі еркін көрсетуіне жағдай жасау.

- **Байқауға қатысу шарттары**
- Байқауға Қазақстан Республикасындағы кез келген балабақша тәрбиеленушісі мен мектеп оқушылары қатыса алады;
- Қатысушылар Абай Құнанбайұлының:
 - өлеңдерін;
 - қара сөздерінен үзінділерді**жатқа, мәнерлеп оқу** арқылы орындайды;
- Орындау **видео форматта** (ұзақтығы 2–5 минут) жазылуы тиіс;
- Видео анық, дыбыс сапасы жақсы болуы қажет;
- Жұмыстар төмендегі электронды поштаға жіберіледі:
kemel_bilim@bk.ru
- Хатта міндетті түрде:
 1. Видео жұмыс
 2. Өтініш формасы
 3. Төлем түбіртегі
 — үшеуі де бірге жіберілуі қажет.

Марапаттау

Барлық қатысушылар мен жетекшілерге «Кемел» өнер-білім орталығы атынан:

- **Лауреаттық ДИПЛОМ**
- Жетекшілерге **Алғыс хат** беріледі.

Жеңімпаздар:

- **I дәрежелі диплом**
- **II дәрежелі диплом**
- **III дәрежелі диплом**

Қатысу жарнасы

- Байқауға қатысу жарнасы: **1000 (бір мың) теңге**

Каспийге төлем үшін сілтемені ұйымдастырушы нөміріне хабарласып алуға болады.

Байланыс ақпараты

Толық ақпарат: **8 707 132 26 48**

Өтініш беру үлгісі

Қатысушы аты-жөні	
Мекен-жайы, (облыс, қала, аудан, ауыл)	
Жетекшісінің аты-жөні	
Электронды мекен-жайы	
Байланыс номері	
WhatsApp номер	